

БАСПАСӨЗ ХАБАРЛАМАСЫ

Нұр-Сұлтан қаласы
20.12.2020 ж.

Moody's халықаралық рейтинг агенттігі ForteBank-тің рейтингін көтерді

Moody's Investors Service халықаралық рейтинг агенттігі («Moody's») ForteBank-тің ұзақ мерзімді депозиттік рейтингін «Тұрақты» болжаммен В1-ден Вa3-ке дейін тағы бір рет көтеру туралы шешім қабылдады. Өткен жылдың шілде айында да Moody's рейтинг агенттігі ForteBank депозиттері бойынша ұзақ мерзімді рейтингті В3-тен В1-ге дейін (бірден екі сатыға) «Тұрақты болжаммен» көтерген болатын.

Moody's сарапшыларының пікірінше, ForteBank рейтингтерінің жоғарылауы коронавирустық шектеу шараларының салдарынан іскерлік қиындықтарға және Қазақстандағы экономикалық белсенділіктің төмендеуіне қарамастан, банктің капитализациясының және күшті өтімділігінің үнемі жақсаруына байланысты. Өткен жылдары ForteBank табыстың тұрақты өсуін және кредиттеудің қалыпты артуын көрсетті. Бұл банкке өзінің тұрақтылығын едәуір жақсартуға мүмкіндік берді. ForteBank-тің өтімділігі де жоғары деңгейде қалады, банк кредит берудегі консервативті тәсілді сақтай отырып, өзінің депозиттік базасын белсенді түрде көбейтіп келеді.

ForteBank Басқармасының Төрағасы Гурам Андроникашвили рейтингтің жоғарлағанына қатысты мынадай пікір білдірді: «Moody's халықаралық рейтинг агенттігі ForteBank командасының елдегі ең тұрақты банктердің бірін құрудағы жұмысын жоғары бағалады. 2020 жылдың қараша айында Fitch рейтинг агенттігі ForteBank-тің рейтингтері бойынша болжамды жақсартқан еді. Пандемияға байланысты күрделі нарықтық жағдайларға қарамастан, ForteBank қаржылық және операциялық нәтижелерін сақтап келеді. Рейтингтің жоғарылауы дұрыс таңдалған даму стратегиясын, қызметтің тиімділігін және клиенттеріміздің тарапынан банкке деген үлкен сенімділікті растайды».

ForteBank – еліміздің ең тұрақты, өтімді және жақсы капиталдандырылған банктерінің бірі. AQR қорытындылары ForteBank-тің жоғары сенімділігі мен тұрақтылығын растады. 2020 жылы ForteBank The Banker журналының пікірі бойынша үшінші рет Қазақстандағы Жыл банкі атанды. 2018-2020 жылдары Global Finance пікірі бойынша ForteBank Қазақстанның ең үздік банкі болып танылды және 2019 жылы Asiamoney пікірі бойынша Қазақстандағы ең үздік банк болып танылды.